

**Ғылыми жетекшінің PhD докторанты Советов Бақытбек  
Советұлының 6D110100-Медицина мамандығы бойынша PhD  
философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Симпатикалық  
гиперактивация кезінде  $\beta$ 1-адреноблокаторлардың және пуринды  
нуклеотидтер метаболиттерінің иммунды статусқа, пуринді циклдар  
ферменттерінің белсенділігіне және антиоксиданттың жүйеге әсері»  
тақырыбындағы диссертациясы туралы пікірі**

Диссертациямен жұмыс істеген уақыт ішінде PhD-докторант Советов Бақытбек Советұлы өзін ғылыми ойлауға және өз білімдерін практикада қолдануға қабілетті, жауапты әрі ізденимпаз зерттеуші ретінде көрсете білді. Аталған проблема арналған ғылыми жұмыспен 2013 жылдан бастап айналысады. Зертханалық жануарларға биохимиялық әдістерді пайдалана отырып жасалған барлық эксперименттік зерттеулерді докторант Ке АҚ «СМУ» биохимия және химия пәндері кафедрасы мен бірлескен биохимиялық зертханасының базасында өз қолымен жүргізді.

Диссертациялық зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттері толықтай орындалды. Метапролол мен АМФ пуриндік нуклеотидтері метаболиттерінің В<sub>1</sub>-адреноблокаторының және аденоzinнің иммундық статусқа, симпатикалық гипербелсенділік кезінде пуриндік цикл мен антиоксиданттың жүйе ферменттерінің белсенділігіне әсер ету механизмдері анықталды. Жаңа әрі ғылыми қызығушылық тудыратын фактілер алынды. Адреналинді енгізумен және АМФ мен аденоzinді енгізу кезінде туындаған симпатикалық гипербелсенділік барысында пуриндік нуклеотидтердің метаболизмі ферменттерінің белсенділігі және иммунитеттің Т және В буындарының функционалдық өзара байланысының күшеюі орын алады.

Симпатикалық гипербелсенділік кезіндегі метапролол  $\beta$ 1-адреноблокаторы сияқты, аденоzin мен АМФ де пероксидация процесін төмендететіні және соған сәйкес, антиоксидантты қорғаныш ферменттерінің белсенділігін және пуриндік нуклеотидтердер метаболизмі ферменттерінің белсенділігін төмендететіні анықталды. Антиоксиданттық қорғаныштың, иммундық жүйе қызметтерінің және пуриндік нуклеотидтер метаболизмінің айқын байқалатын симпатикалық гипербелсенділік және шығу себебі әртүрлі қышқылданыратын стресс жағдайларында аңғарылатын өзгерістерін түзету үшін ұсынылады,  $\beta$ 1-адреноблокаторларының қатарында аденоzinді және АМФ-ні пайдалануға болады. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толық негізді және қисынды аяқталған болып табылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша отандық және шетелдік әдебиетте 17 ғылыми мақала және 1 монография жарияланды, оның ішінде цитирленуі бойынша халықаралық Scopus базасына кіретін импакт -факторы нөлдік емес халықаралық журналда 5 мақала, соның ішінде 3 мақала «Биомедицинская химия» журналында (2015, 61, 6-шығ., 737-741 б.; 2016, 62, 6-шығ, 645-649 б.; 2017, 63, 2-шығ., 154-158 б.), 1 мақала «Open Access

*Macedonian Journal of Medical Sciences*» журналында (2022, 10 (A): 426-431.), 1 мақала «Бюллетень экспериментальной биологии и медицины» журналында (2022, 173, №3, 323-327), Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда – 6 мақала, халықаралық ғылыми конференция материалдарында 6 тезис жарияланды.

Ресей Жаратылыстану Академиясының «Қазіргі заманғы жаратылыстанудың жетістіктері» рецензияланатын журналында екі мақала (2015 № 1-5 781-784 б.; 2015 № 1-2 192-194 б.) және бір монография «Функциональные и метаболические эффекты симпатао-адреналовой системы и стресс» (Москва 2019, Из-во «Академия Естествознание». ISBN: ISBN 978-5-91327-577-6 р.С 1-138).

Қазақстан Республикасының «Ғылым және деңсаулық сақтау» рецензияланатын журналында екі мақала (2017 № 2 80-91 б.; 2017 № 2 92-104 б., 2022 № 1 193-206 б.).

Жұмыстың барлық негізгі кезеңдері халықаралық конференцияларда баяндалды.

Б.С. Советовтің ұсынылып отырған «Симпатикалық гиперактивация кезінде  $\beta_1$ -адреноблокаторлардың және пуриның нуклеотидтер метаболиттерінің иммунды статусқа, пуринді циклдар ферменттерінің белсенділігіне және антиоксидантты жүйеге әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жаңашылдық сипатымен ерекшеленетін аяқталған диссертациялық зерттеу болып табылады. Жұмыстың мазмұны 6D110100-Медицина мамандығына сәйкес келеді.

Диссертация осы деңгейдегі жұмыстарға қойылатын талаптарды толықтай қанағаттандырады, және Диссертациялық кеңесте ресми қорғауға ұсыныла алады.

**Ғылыми жетекші:**

**«СМУ» КеАҚ еңбекі сінген профессор,  
РЖА академигі,  
медицина ғылымдарының докторы,**

**С.О. Тапбергенов**

